



ӨОЖ 37.013
ҒТАХР 56.01.32
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).13

Омирханов М.Е.* , Атантаева Б.Ж.

Мемлекеттік емес автономды білім беру ұйымы «Шәкәрім университеті» Семей, Қазақстан

E-mail: maximus-0787@bk.ru, batantaeva@mail.ru

МУСТАҚЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақала ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлттық интеллигенциясының аз зерттелген өкілдерінің бірі – Мұстақым Малдыбаевтың (1887–1937) педагогикалық және қоғамдық-саяси мұрасын зерттеуге арналған. «Алаш» қозғалысының танымал қайраткерлерімен салыстырғанда, оның есімі жиынтық еңбектерде сирек аталады, сондықтан оның қызметін зерделеу ұлттық жаңғыру үдерістерін түсіну үшін ерекше маңызды. Жұмыста Малдыбаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері талданады: ұлттық мектептің қалыптасуына қатысуы, Мамания мектебі мен Семей мұғалімдер семинарындағы педагогикалық тәжірибесі, қазақ балаларына арналған алғашқы оқу құралдарын құрастыруы, сондай-ақ қоғамдық және мәдени ұйымдардағы белсенді еңбегі. Арнайы назар оның ұлттық жазудың дамуына, оқу орындарын ұйымдастыруға және мәдени бастамаларды насихаттауға қосқан үлесіне аударылады. Сонымен қатар, мақалада оның «Алаш» қозғалысындағы ағартушылық және саяси қызметі қарастырылады: съездерге қатысуы, земство мен ұлттық комитеттер құруы, Алаш-Орда қарулы күштерін ұйымдастыруы. Архивтік құжаттарды, мемуарлық деректерді, публицистиканы және жаңа историографияны талдау негізінде Малдыбаевтың қазақ қоғамын жаңғырту үдерісіндегі шығыс білім дәстүрлері мен еуропалық педагогикалық тәсілдерді ұштастырған ірі тұлға болғаны айқындалады. Алынған нәтижелер оның есімін ұлттық ағартушылық пен мәдени жаңғыру тарихының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Мұстақым Малдыбаев, ағарту қызметі, Ұлттық білім, ұлт мұраты, мәдениет, қоғамдық даму, Алаш.

Кіріспе

ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы – ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен өркендеуінің ерекше кезеңі. Бұл дәуір қазақ халқының рухани, саяси және мәдени өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алған уақыт болды. Ұлттың болашағына алаңдаған зиялы қауым өкілдері елдің азаттығы мен өркендеуін мақсат етіп, ағартушылық, ұлттық өзіндік сана мен мәдени жаңғыру идеяларын алға тартты.

Олар отарлық тәуелділіктің ауыр жағдайында халықтың мүддесін қорғап, білім мен ғылымды дамытуға, жаңа үлгідегі мектептер ашуға, ана тілінде оқулықтар жазуға және ұлттық баспасөзді қалыптастыруға айрықша үлес қосты. Бұл кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхан сияқты ұлт зиялыларының қызметі ерекше көзге түсті.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани жетекшісі ретінде танылды. Ол қазақ тілінің грамматикасын жүйелеп, оқу-ағарту ісін жаңа деңгейге көтерді. Міржақып Дулатов өз еңбектері арқылы ұлттың оянуына, еркіндікке деген ұмтылысын арттыруға зор ықпал етті. Әлихан Бөкейхан болса, саяси көшбасшы ретінде қазақ қоғамын жаңғырту мен ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру жолында күресті.

Олардың барлығының еңбегі ұлттың бірлігі мен болашағы үшін арналды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қызметі тек өз заманы үшін емес, кейінгі ұрпаққа да үлгі болды. Олар ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, тәуелсіздік идеясын насихаттау арқылы қазақ халқының тарихи санасының жаңғыруына жол ашты.

Алайда, ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және мәдени өзгерістер контекстінде халықтың ағарту ісі мен ұлттық сананы қалыптастыру жолында маңызды рөл атқарған, бірақ ғылыми айналымда әлі де аз зерттелген тұлғалар бар. Солардың бірі — Мұстақым Малдыбаев. Ол өз дәуірінде мұғалім, публицист, қоғам қайраткері және Алаш қозғалысының белсенді мүшесі ретінде танылған. Дегенмен, оның өмірі мен қызметі туралы мәліметтер ғылыми әдебиетте өте сирек кездеседі, ал педагогикалық және ағартушылық мұрасы толыққанды зерделенбей келеді.



Мұстақым Малдыбаев — өз заманының озық ойлы ұстаздарының бірі. Ол ұлттық мектептерді ұйымдастыру ісіне және білім беру мазмұнын жаңартуға ерекше үлес қосқан. Малдыбаевтың қызметі қазақ қоғамының рухани жаңғыру кезеңімен тікелей байланысты болды. Ол «Алаш» қозғалысының белсенді қатысушысы ретінде ұлттың саяси және мәдени тәуелсіздігі үшін күрескен, сондай-ақ Семей облыстық съезінің хатшысы қызметін атқарып, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуына атсалысқан.

1910-жылдары Мұстақым Малдыбаев әйгілі Мамания мектебінде мұғалім әрі басшы қызметін атқарды. Бұл оқу орны қазақ даласындағы жаңаша білім беру орталықтарының бірі ретінде танылған болатын. Ол шығыс және батыс педагогикалық дәстүрлерін ұштастыра отырып, оқу процесіне жаңа әдістемелер енгізді, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған оқыту тәсілдерін қолданды.

Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаев оқу-ағарту ісін ұлттық деңгейде дамытуға елеулі үлес қосқан авторлардың бірі болды. Оның «Оқу құралы» (1911) мен «Жаңа қазақ әрпі» (1912) атты еңбектері қазақ тілінде жазылған алғашқы оқу құралдарының қатарына жағады. Бұл еңбектерде ол ұлттық жазу жүйесін жетілдіру мен сауаттылықты арттыру мәселелерін көтеріп, қазақ қоғамында білімнің рөлін күшейтуге бағытталған идеяларды ұсынды.

Осы тұрғыдан алғанда, Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеу тек жеке тұлғаның ағартушылық және қоғамдық қызметін танып-білу ғана емес, сонымен қатар ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының идеялық ізденістерін, ұлттық мектеп пен білім беру жүйесінің қалыптасу алғышарттарын, сондай-ақ жалпы ұлттық жаңғыру үдерісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Соған қарамастан, қазіргі историографияда Мұстақым Малдыбаевтың педагогикалық көзқарастары мен тәжірибесіне жүйелі, кешенді талдау әлі жүргізілген жоқ. Оның өмірі мен еңбектері туралы жекелеген мәліметтер энциклопедиялық басылымдарда, мерзімді баспасөз беттерінде және кейбір зерттеушілердің еңбектерінде кездескенімен, бұл деректер үзік-үзік сипатта болып келеді және оның қызметінің ауқымы мен мазмұнын толық ашпайды.

Мұндай жағдай Малдыбаев мұрасына терең назар аударудың өзектілігін арттыра түседі. Оның педагогикалық және ағартушылық қызметін жан-жақты зерделеу қазақ ағартушылық қозғалысының эволюциясын кеңірек қарастыруға, ХХ ғасырдың басындағы қоғамды жаңғырту бағытындағы идеялардың таралу тетіктерін айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Мұстақым Малдыбаевтың мұрасын зерттеу ұлттық білім беру тарихындағы сабақтастықты айқындап, бүгінгі педагогикалық ойдың қалыптасуына ықпал еткен тарихи тәжірибелерді жаңаша пайымдауға жол ашады.

Зерттеудің өзектілігі:

Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы тарихи және мәдени өзгерістері білім беру мен ағартушылық қызметтің маңыздылығын айқындады. Ұлттық сана-сезімді ояту және білім беру жүйесін жетілдіру қажеттілігі осы кезеңдегі қазақ зиялыларының басты міндеті болды. Мұстақым Малдыбаевтың ағартушылық қызметі – сол міндеттерді жүзеге асырудың айқын үлгісі.

Зерттеу нысаны мен пәні:

Малдыбаевтың педагогикалық идеялары, қоғамдық қызметі және олардың Қазақстанның білім беру мен мәдениет саласына әсері қарастырылады.

Гипотеза:

Мұстақым Малдыбаевтың ағартушылық және қоғамдық қызметі қазақ қоғамында ұлттық сана-сезімді оятуға, білім мен мәдениетті дамытудың маңызды факторы ретінде әрекет етті және оның идеялары қазіргі кезеңде де білім беру мен рухани жаңғыру үдерістеріне ықпал ете алады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Малдыбаевтың өмірі мен қызметін зерттеу.
2. Оның білім беру жүйесіне қосқан үлесін анықтау.
3. Ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы рөлін бағалау.

Зерттеудің мақсаты:

Малдыбаевтың ағартушылық қызметінің тарихи контексттегі рөлін анықтау және оның ұлттық білім беру жүйесі мен мәдениетке қосқан үлесін бағалау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық және объективтілік принциптеріне сүйенеді. Бұл Мұстақым Малдыбаевтың қызметін ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және мәдени үдерістердің кең контекстінде қарастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында тарихи-биографиялық әдіс негізгі тәсіл ретінде қолданылып, оның өмір жолы, педагогикалық және қоғамдық қызмет кезеңдері бірізді түрде қайта құрылды. Бұл әдіс тұлғаның өмірлік тәжірибесін нақты тарихи жағдайлармен байланыстыра отырып зерделеуге жағдай жасады.

Зерттеу материалы ретінде Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметіне қатысты әртүрлі тарихи деректер мен архивтік материалдар кеңінен қолданылды. Бұл мәліметтер Мұстақымның педагогикалық қызметі, шығармашылық мұрасы, Алаш қозғалысындағы рөлі мен қоғамдық қызметі туралы толыққанды



түсінік алу мақсатында жинақталды. Зерттеу барысында түрлі мұрағаттық құжаттар, кітаптар, мақалалар және замандастарының естеліктері пайдаланылды, олар Мұстақым Малдыбаевтың қоғамдық-саяси қызметі мен мәдениетке қосқан үлесін нақтылай түседі.

Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаевтың еңбектерінің түпнұсқалары мен баспадан шыққан кітаптары да зерттеу материалына кіріп, оның ғылыми мұрасы мен ағартушылық қызметінің маңыздылығын анықтауға көмектесті. Бұл мәліметтерді жинау процесі оның қоғамдық және мәдени қызметіне қатысты терең әрі жан-жақты зерттеулер жүргізуге мүмкіндік берді.

Тарихи — генетикалық әдіс: Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметінің тарихи мәнмәтінін талдау және реконструкциялау үшін қолданылды. Бұл әдіс оның педагогикалық және ағартушылық жұмысын белгілі бір тарихи кезеңнің аясында зерттеп, оның қоғам мен білім жүйесіне тигізген әсерін анықтауға мүмкіндік берді. Дерек көздерді талдау барысында әртүрлі жазбаша дереккөздер, мұрағаттық материалдар, жарияланған жұмыстар мен замандастарының естеліктері пайдаланылып, Молдыбаевтың XX ғасырдың басындағы Қазақстанның білім мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесін тереңірек түсінуге жол ашылды.

Салыстырмалы әдіс: Бұл әдіс Малдыбаевтың педагогикалық идеяларын сол кездегі басқа қазақстандық және ресейлік ағартушылардың жұмыстары мен әдістерімен салыстыру үшін қолданылды. Мұның нәтижесінде оның көзқарастарының ерекшеліктері мен инновациялық ерекшеліктері анықталып, педагогикалық қызметінің басқа ағартушылардан өзгешеліктері айқындалды.

Контекстік талдау: Мұстақым Малдыбаевтың педагогикалық қызметін XX ғасырдың басындағы әлеуметтік, саяси және мәдени өзгерістер тұрғысынан қарастыру үшін контекстік талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс оның ұлттық білім беруді дамытуға қосқан үлесін тереңірек көрсетуге және оның педагогикалық қызметінің қоғамдағы орны мен маңыздылығын ашуға мүмкіндік берді.

Жүйелі тәсіл: Малдыбаевтың педагогикалық қызметі мен оның өмірінің басқа аспектілерін — қоғамдық, саяси және мәдени тұрғысынан зерттеу үшін жүйелі тәсіл қолданылды. Бұл әдіс оның идеяларының білімге, мәдениетке және жалпы қоғамға тигізген әсерін толық түсінуге мүмкіндік берді.

Түсіндіру әдісі: Малдыбаевтың педагогикалық тұжырымдамалары мен идеяларын талдап, олардың Қазақстанның ұлттық білімі мен мәдени жаңғыруы үшін маңыздылығын түсіндіру үшін қолданылды. Бұл әдіс Мұстақым Малдыбаевтың қызметінің маңыздылығын тереңірек түсінуге, оның ұлттық білім беру жүйесін дамытудағы және мәдени құндылықтарды сақтаудағы қосқан үлесін объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Ұлт тарихында елеулі орны бар тұлғалардың бірі — Мұстақым Малдыбаев (1887–1937) (Сурет 1). Ол Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі ретінде қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің көтерілуіне және тәуелсіздік жолындағы күреске зор үлес қосты. Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметі халықтың рухани жаңғыруына, мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына арналды. Ол өз заманының маңызды мәселелеріне белсене араласып, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы күрес жүргізіп, ұлттың азаттығы мен дербестігі жолында табанды еңбек етті.



1 - сурет. Мұстақым Молдыбаев(1880-1927жж)

Ескерту: сурет «Мұстақым Мәтіқұлы Малдыбай [Электрондық ресурс] // e-history.kz: Қазақстан тарихы. – 2025. URL: <https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12803> (қолжеткізілген күні: 30.05.2025) әдебиетінен алынды».



Мұстақым Малдыбаев Семей облысында дүниеге келген. Жастайынан білім мен ғылымға ерекше ықылас танытқан ол алғашқы сауатын ауылдық мектепте ашады. Білімге деген құштарлығы мен ғылымға қызығушылығы ерте байқалып, оның тұлға ретінде қалыптасуына зор әсер етті. Жас Мұстақымның ізденімпаздығы мен оқу-білімге бейімділігі кейін оның ағартушылық және қоғамдық қызметінде айқын көрініс тапты. Бұл қасиеттер оның өмір жолының бағыт-бағдарын айқындап, оны педагог, публицист және қоғам қайраткері ретінде танытты [1].

С. Такировтың «Алашын ардақтаған азамат» атты мақаласында Мұстақым Малдыбаевтың бала кезінен-ақ білімге ерекше ынта танытқаны атап өтіледі. Автордың дерегіне сәйкес, ол алғашқы білімін ауылдық мектепте алған. Жас Мұстақымның оқуға деген талпынысы мен ғылымға қызығушылығы ерте жастан байқалып, оның тұлғалық қалыптасуына зор ықпал еткен. Білім мен ғылымға деген осы ұмтылыс кейін оның педагог, ағартушы және қоғам қайраткері ретіндегі қызметінің негізін қалады. Мұстақым Малдыбаевтың ерте жастан қалыптасқан ізденімпаздық қасиеті мен танымдық белсенділігі оның кейінгі ағартушылық жолында шешуші рөл атқарғаны сөзсіз [1].

Мұстақым Малдыбаевтың ағартушылық қызметінің қалыптасуына «Ғалия» медресесі ерекше ықпал етті. 1906 жылы ашылған бұл оқу орны дәстүрлі діни бағыттағы біліммен қатар, заманауи ғылым салаларын да қамтыды. Медреседе физика, химия, география, геометрия сияқты пәндермен қатар, музыкалық білім де енгізілді. Музыка пәнін алғаш рет Вильгельм Клеменц оқытқан болса, француз тілін С.-Ш. Джиганша үйреткен. Сабақтарда көрнекілік әдістер мен тәжірибелік жұмыстардың қолданылуы білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етті. Мұстақым Малдыбаев дәл осы ортада білім алып, заманауи әдістемелер мен білім беру тәжірибесін меңгеріп, кейін оны өз ағартушылық қызметінде тиімді қолданды [2, 3].

«Ғалия» медресесінің білім беру бағдарламасы тек діни біліммен шектелмей, оқушыларды әлемдік ғылыммен таныстыруға бағытталды. Бұл оқу орны жаңа үлгідегі педагогикалық бағыттың бастауы болып, оның түлектері қазақ қоғамында және Алаш қозғалысында елеулі рөл атқарған зиялы қауым өкілдеріне айналды. Осы медреседен алған білімі Мұстақым Малдыбаевтың кейінгі ағартушылық және педагогикалық қызметінде шешуші маңызға ие болды.


Докторант М. Е. Өмірханов пен тарихшы Е. Абзалов еңбектерінде келтірілген деректерге сәйкес, Мұстақым Малдыбаев «Ғалия» медресесін аяқтағаннан кейін 1910–1911 жылдары Жетісу өңіріндегі танымал Мамания мектебінде оқытушы әрі басқарушы болып қызмет атқарған [3]. Бұл мектеп елге белгілі тұлға Есенқожа Мамановтың бастамасымен ашылып, ұлттық білім беру ісінде маңызды орын алған. Жемісбек Толымбековтың «Зиялыларды баптаған Мамания мектебі» мақаласында көрсетілгендей, мектептің салтанатты ашылуы 1909 жылдың қыркүйегінде өтіп, оның меңгерушісі болып Мұстақым Малдыбаев тағайындалды.

Мамания мектебіндегі осы тәжірибе Мұстақым Малдыбаевтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына және ағартушылық бағыттағы қызметінің кеңеюіне негіз болды. Ол бұл жерде жинақтаған білім мен басқарушылық тәжірибесін кейін Семей қаласында жалғастырды.

1910-жылдардың басынан бастап Мұстақым Малдыбаев қазақ еліндегі білім беру ісіне белсене араласа бастады. 1911 жылы ол Семей қаласына қоныс аударып, Семей мұғалімдер семинариясына қызметке орналасады. Осы оқу орнында ол 1920 жылға дейін, шамамен он жыл бойы оқытушылық қызмет атқарып, болашақ мұғалімдерді даярлау ісіне зор үлес қосты. Бұл кезеңде Малдыбаев тек педагогикалық тәжірибе жинақтап қана қоймай, сол уақыттағы ұлттық ағартушылық қозғалыстың белсенді өкіліне айналды. Оның негізгі мақсаты – оқу-тәрбие процесін жетілдіру, білім беру мазмұнын жаңарту және жаңа педагогикалық әдістерді енгізу арқылы жас ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеу болды. Мұстақым Малдыбаевтың осы бағыттағы еңбегі ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ қоғамында білім мен ағартушылықтың дамуына айтарлықтай серпін берген маңызды тарихи құбылыс ретінде бағаланады [4].

1912 жылы Мұстақым Малдыбаев Ж. Андамасовпен бірлесіп «Жаңа қазақ әрпі» атты оқулықты жарыққа шығарды. Бұл еңбек сол кезеңдегі қазақ оқушылары арасында зор сұранысқа ие болып, ұлттық білім беру ісінде елеулі маңызға ие болды. Оқулық жаңа әліпбиді үйретуге арналған алғашқы әдістемелік құралдардың бірі ретінде қазақ балаларының сауатын ашуға, оқу дағдыларын қалыптастыруға және ағартушылық жүйені жетілдіруге үлкен үлес қосты. Сол жылы Мұстақым Малдыбаев Семей қаласында жаңа мектеп ашу ісіне белсене араласты. Бұл бастама қазақ қоғамында ұлттық білім беру жүйесінің дамуына, жергілікті тұрғындардың оқу-білімге деген ынтасын арттыруға және жас ұрпақты заманауи біліммен қаруландыруға бағытталған маңызды қадам болды. Оның ағартушылық қызметі қазақ қоғамында білім мен мәдениеттің таралуына, ұлттық өзіндік сананың оянуына және жаңа буынның қалыптасуына елеулі ықпал етті [5, б. 31–32].

1913 жылы Мұстақым Малдыбаев ауылдық молдалар мен мұғалімдер қызметіне кандидаттар үшін ұйымдастырылған орыс тілінен емтиханды сәтті тапсырып, бұл туралы Семей қалалық училищесі берген ресми куәлікпен расталған (Сурет 2). Бұл дерек Малдыбаевтың сол кезеңдегі білім деңгейінің жоғары болғанын, оның тек діни оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар зайырлы мектептерде де табысты еңбек етуге толық дайын болғанын айғақтайды.




2 - сурет. Орыс тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы куәлік
Ескерту: Қ. Мухамедханованың жеке архивынан алынды

1914 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан Мұстақым Малдыбаевтың «Имам һәм намаз яки мұсылмандық» атты кітабы жарық көргені жөнінде деректер кездеседі. Бұл еңбек ислам дінінің негізгі қағидаттарын түсіндіруге, мұсылмандықтың мәнін ұғындыруға және діни білімді халық арасында насихаттауға арналған маңызды құрал болды. Кітапта намаздың орындалу тәртібі, имамның рөлі, мұсылмандықтың адамгершілік қағидалары мен рухани жауапкершілік мәселелері жан-жақты түсіндірілген.

Сол кезеңде қазақ халқының арасында діни білімге сұраныс жоғары болғандықтан, бұл еңбек халыққа түсінікті тілмен жазылып, оқу-ағарту мақсатында кеңінен қолданылды. Кітап ауыл молдалары мен медресе шәкірттеріне арналған әдістемелік құрал қызметін атқарып, қазақ даласында исламдық сауаттылықты арттыруға сеп болды.

«Имам һәм намаз» кітабының басылып шығуы қазақ қоғамында діни құндылықтардың сақталуына, рухани тәрбие мен адамгершілік ұстанымдардың нығаюына, сондай-ақ исламдық білімнің кеңінен таралуына елеулі ықпал етті. Бұл еңбек Мұстақым Малдыбаевтың ағартушылық қызметінің діни-ағартушылық қырын айқындап, оның қоғамдағы рухани жаңғыру үдерісіне қосқан үлесін көрсетеді (Сурет 3) [6, б. 235–236].



**I БӨЛІМ
МҰСТАҚЫМНЫҢ
ӘДЕБИ МҰРАСЫ:**

«Қазақша ең жаңа әліфба»,
«Қазақша оқу кітабы»
«Иман һәм намаз
яки мұсылманшық»


**II БӨЛІМ
МҰСТАҚЫМНЫҢ
ӘДЕБИ МҰРАСЫ:**

«Хайырлы сағат»,
«Ұақигалар»,
«Мұсылмандар,
ынтымақтан
айырылмаңыздар» т.б.

3 - сурет. М. Мұстақымның әдеби мұрасы
Ескерту: Қ. Мухамедханованың жеке архивынан алынды



Сонымен қатар, 1914 жылдан бастап Мұстақым Малдыбаев Семей қаласындағы Заречнослабодская мектебінде қызмет атқара бастаған. Ол бұл оқу орнына ауыл қауымының ресми шешімімен мұғалім ретінде тағайындалған (Сурет 4). Бұл факт оның жергілікті қоғамның сеніміне ие болғанын және сол кезеңде тәжірибелі әрі беделді ұстаз ретінде танылғанын көрсетеді.



4 - сурет. М. Малдыбаевтың Заречно Слабодская мектебінде жұмыс жасағанын дәлелдейтін дереккөз

Ескерту: Қ. Мухамедханованың жеке архивынан алынды

1915 жылы Семей қаласында Мұстақым Малдыбаев айтыс өнерін насихаттау мақсатында маңызды мәдени шаралар ұйымдастырды. Ол атакты ақындар Біржан мен Сараның айтысын сахналайтын ойын кешін өткізіп, қазақтың бай ауыз әдебиетін халыққа жақындата түсті. Бұл кештер ұлттық өнерді дәріптеуге және жастар арасында айтыс дәстүрін жаңғыртуға ықпал етті. Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаев Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты әдеби-тарихи қойылымын ұйымдастыруға атсалысты. Бұл қойылым тек өнер туындысы ретінде ғана емес, қазақ халқының сол кезеңдегі тарихи жағдайларын бейнелеп, көрермендерді ойландыратын терең мазмұнға ие болды. Мұстақым Малдыбаевтың бұл іс-шаралары оның ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екенін және мәдениетті дамыту жолындағы еңбегінің ерекше болғанын айқын көрсетеді [7, б 51–52].

1917 жылы Мұстақым Малдыбаев қазақ халқының саяси өміріне белсенді түрде араласып, «Алаш» партиясының мүшесі болды. Ол Семипалатинск облысының қазақтарының съезіне делегат ретінде қатысып, ұлттық мүдде мен тәуелсіздік жолындағы маңызды мәселелерді талқылауға атсалысты. Осы съезде Мұстақым Малдыбаев Всероссийское учредительное собрание (Барлықресейлік құрылтай жиналысы) сайлауына кандидат ретінде ұсынылды, бұл оның сол кездегі саяси және қоғамдық ықпалының жоғары болғанын көрсетеді. Бұл кезеңде ол ұлт болашағына қатысты өзекті мәселелер бойынша нақты ұсыныстар жасап, Алаш партиясының идеологиясын белсенді қолдады. Оның басты мақсаты – қазақ халқының саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан өркендеуіне ықпал ету болды. Мұстақым Малдыбаевтың бұл еңбегі қазақ зиялыларының арасында ерекше орын алып, оның ұлттық қозғалысқа қосқан үлесін айшықтай түсті [1].

Осыдан кейін Мұстақым Малдыбаевтың саяси белсенділігі одан әрі артып, ол аймақтық деңгейдегі ірі жиындар мен съездер жұмысына белсене қатыса бастады. Солардың бірі – Семей облыстық екінші қазақ съезі еді.

1917 жылы Семей облыстық екінші қазақ съезіне қатысып, сол съезде маңызды шешімдер қабылдануына атсалысқан. Бұл съездің маңыздылығы сол, ол Алаш қозғалысының белсенді кезеңдерінің бірі болып табылады, ал Мұстақым Малдыбаев осы кезеңде Қазақ Кеңесінің хатшысы қызметін атқарды. Съездің күн тәртібінде бірнеше маңызды мәселелер тұрды: жер комитеттерін ұйымдастыру, земство құру, Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау, милиция жасағын құру, сондай-ақ қазақ комитетінің есебін тыңдау секілді мәселелер қаралды. Алаш қайраткерлері 1917 жылы аса үлкен саяси белсенділік көрсеткен тағы бір



оқиға Семей облыстық екінші қазақ съезі болды. Бұл съезд 12 қыркүйекте басталады деп күтілді. Оған әр үйезден делегаттар **шақырылды [8]**.

1. Құрылтай жиналысы – мемлекеттің басқару нысанын айқындап, жаңа заңдар қабылдайтын өкілдік орган.

2. Земство – жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органы.

3. Жер комитеті – жер мәселесін реттеу және ауыл шаруашылығын ұйымдастырумен айналысатын мекеме.

4. Милиция жасағы – қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ұлттық қарулы құрылым.

5. Қазақ комитеті – жергілікті деңгейде ұлттық мүддені қорғап, әлеуметтік-саяси мәселелерді шешумен айналысқан ұйым [2].

Бұл мәселелердің барлығы елдің саяси дербестігін нығайтуға, ұлттық өзін-өзі басқару институттарын қалыптастыруға және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған еді. Съездің күн тәртібіндегі бұл бастамалар Алаш қозғалысының стратегиялық мақсаттарын айқындап, сол кезеңдегі қазақ зиялыларының мемлекет құру жолындағы ұмтылыстарын айқын көрсетті.

Саяси ұйымдастырушылық қызмет пен қатар, Мұстақым Малдыбаев Алаш қозғалысының әскери ісіне де белсене араласты. Ол ұлттың тәуелсіздігімен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған әскери құрылымдардың қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Мұстақым Малдыбаев Алаш қозғалысының саяси және әскери қызметінде ерекше белсенділік танытқан тұлғалардың бірі болды. Ол 1918–1919 жылдары Алаш автономиясы мен оның әскери құрылымдарын ұйымдастыру ісіне тікелей араласып, Алаш армиясының жасақталуына елеулі үлес қосты. Деректерге сүйенсек, Малдыбаев сол кезеңде Семей облысындағы ұлттық жасақ құрамдарын ұйымдастыру және әскери тәртіп орнату жұмыстарымен айналысқан [9]. Ол арнайы құрылған атты әскер полкін басқарған, бұл оның әскери ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілік деңгейінің жоғары болғанын дәлелдейді. Мұндай қызмет сол кездегі күрделі саяси жағдайда зор тәуекел мен табандылықты талап етті. Малдыбаевтың бастамашылдығы Алаш қозғалысының әскери күшін нығайтып, ұлт-азаттық күресінің тиімділігін арттыруға ықпал етті. Осылайша, Мұстақым Малдыбаевтың 1918–1919 жылдардағы қызметі қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінде маңызды орын алып, Алаш қозғалысының әскери және саяси қанатын нығайтуға бағытталды. Оның ерік-жігері мен елге деген адалдығы ұлт тарихындағы азаттық идеясының мызғымас символына айналды.

Алаштың арқалы алыптарының бірі Мұстақым Малдыбаев кешегі Алаш арыстары — Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов сынды қазақ зиялыларымен, сондай-ақ Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Әлімхан Ермеков тәрізді халқымыздың біртуар азаматтарымен ұлт мүддесі жолында үзеңгілес болып, елдің тәуелсіздігі мен мәдени өркендеуі үшін күрес жүргізді. Ол Мәди Бәпиұлымен сыйлас, рухтас дос болған. Мұстақым Малдыбаевты қоғам қайраткері, публицист, ақын, ағартушы, туған өлкесінде алғашқы мектептердің бірін ашқан ұстаз ретінде сипаттауға болады. Бір басында сан салалы қызмет тоғысқан бұл тұлғаны нағыз Алаш арысы деуге толық негіз бар [10].

Алаш кезеңі — Қазақстан тарихындағы аса маңызды дәуір, ол ХХ ғасырдың басындағы ұлттық саяси сана мен мемлекеттік ойдың қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл кезең, шамамен, 1917–1920 жылдарды қамтиды және Ресей империясының ыдырауы мен азаматтық соғыс жылдарындағы күрделі тарихи ахуал аясында өрбіді. Дәл осы уақытта қазақ зиялылары ұлттың саяси дербестігі, мәдени жаңғыруы және автономиялық басқару жүйесін орнату жолында күрес жүргізді.

Мұстақым Малдыбаев осы қозғалыстың бел ортасында жүріп, Алаштың идеялық және ағартушылық бағыттарына айрықша үлес қосты. Ол ұлттың рухани жаңғыруы мен білім беру жүйесін дамыту ісін біртұтас ұлттық мүддемен байланыстырды. Оның қоғамдық және ағартушылық қызметі қазақ қоғамының мәдени, саяси және рухани өмірінде терең із қалдырды. Малдыбаевтың еңбегі — қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған күресінің ажырамас бөлігі. Ол өз заманының маңызды мәселелерін шешуде белсенді рөл атқарып, білім беру, мәдениет, әдебиет және ұлттық сана салаларында жүйелі жұмыс жүргізді. Оның өмір жолы мен қызметі ағартушылық пен ұлт азаттығы идеяларының тоғысқан тұсын айқын көрсетеді. Сондықтан Мұстақым Малдыбаевтың тұлғасы Алаш қозғалысының тарихындағы ерекше орынға ие болып, оның қызметі қазақ қоғамының рухани және саяси дамуына бағытталған қажырлы еңбектің көрінісі ретінде бағаланады (Сурет 5) [11].



5 - сурет. Қазақ елінің тағдырына араша түскен, жерінің тұтастығы үшін күрескен ер азаматтар
Ескерту: <https://mezgil.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=16&id=2855> сілтемесінен алынды

Бейнеленген қазақ халқының ұлы тұлғалары — ұлттық сана мен бірегейліктің қалыптасуында, халықтың әлеуметтік және саяси мүддесін қорғауда айрықша рөл атқарған тарихи қайраткерлер. Бұл қатарда Мұстақым Малдыбаевпен бірге Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жақып Ақбайұлы және басқа да Алаш арыстарының есімдері ерекше орын алады. Оларды біріктірген ортақ мұрат — елдің еркіндігі, жердің тұтастығы және ұлттық мәдениет пен тілді сақтау идеясы болды.

Бұл тұлғалар ұлттың болашағы үшін күресіп, халықтың рухани жаңғыруына, ұлттық өзіндік санасының оянуына және саяси тәуелсіздіктің негізін қалауына өлшеусіз үлес қосты. Олар тек саяси қайраткерлер ғана емес, сонымен қатар ағартушы, ғалым, педагог және мәдениет жанашырлары ретінде ел тағдырына жан-тәнімен қызмет етті. Алаш қозғалысының жетекшілері халықтың білімге, мәдениетке, әділдік пен бостандыққа деген ұмтылысын жаңа деңгейге көтеріп, қазақ қоғамын өркениеттік даму жолына бағыттауға күш салды.

Мұстақым Малдыбаев сынды тұлғалар өз заманының күрделі тарихи жағдайында ұлттық тұтастық пен елдік мүддені бәрінен жоғары қойып, жас ұрпаққа өнеге боларлық биік азаматтық ұстаным танытты. Олардың идеялары мен еңбектері бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани негізін қалаған алтын арқау болып табылады. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі — ұлттың азаттық жолындағы күресінің, еркіндік пен әділдікке деген мәңгілік ұмтылысының айқын көрінісі.

Мұстақым Малдыбаев осы тарихи кезеңде өз ұлтының тағдырына бейжай қарамай, ел мүддесін қорғау жолындағы қажырлы еңбегімен танылды. Ол саяси және ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға ретінде Қазақ Кеңесінің хатшысы қызметін атқарып, ұлттық құрылымның жұмысын жолға қоюға, қоғамдық істерді үйлестіруге белсене қатысты. Малдыбаевтың қызметі сол уақытта Қазақ комитеті жүргізген іс-шаралардың тиімді орындалуына зор ықпал етті. Ол жер мәселесі, азық-түлікпен қамтамасыз ету, жергілікті өзін-өзі басқару және оқу-ағарту ісін ұйымдастыру бағыттарында нақты бастамалар көтеріп, олардың жүзеге асырылуына бақылау жүргізді.

Осы қызметі арқылы Мұстақым Малдыбаев ұлт тағдыры шешіліп жатқан кезеңде ел дамуына нақты үлес қосып, қазақ қоғамының саяси дербестігі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету жолында маңызды рөл атқарды.

Мұстақым Малдыбаевтың ағартушылық қызметі ерекше орын алады. Оның бастамасымен Семейде бірнеше мектеп ашылып, бұл білім беру ісінің жандануына және қазақ балаларының сауат ашуына ықпал етті. Ол оқу-ағарту саласындағы жұмыстары арқылы қазақ қоғамын жаңғыртуды көздеді. Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаев ел арасында баспасөз ісін дамытуға үлкен үлес қосып, ұлттық сана-сезімнің оянуына бағытталған ағартушылық жұмыстар жүргізді. Оның мақсаты – халықты біліммен қаруландырып, олардың мәдени және рухани деңгейін көтеру болды. Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметі саясатпен ғана шектелмей, ұлттық мәдениеттің, білім мен ғылымның дамуына айтарлықтай әсер етіп, оның есімі қазақ халқының тарихында мәңгілік қалды [11].

1923–1926 жылдары Мұстақым Малдыбаев қоғамдық және экономикалық салаларда да белсенді қызмет атқарды. Ол ауылдық жерлерде кооперативтер ұйымдастырып, артельдер құрды, бұл сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуға бағытталған маңызды бастама болды. Сонымен қатар, халық арасында Алаш партиясының идеялары мен мақсаттарын түсіндіру, елдің саяси және рухани оянуына ықпал ету жұмыстарын жүйелі түрде жүргізді [7, б. 51-52]. Осы жылдары Малдыбаев ұлттың білім алуына және оқу-ағарту ісін жетілдіруге ерекше назар аударды. Ол мектептер ашу, оқу бағдарламаларын жаңарту және қазақ тілінде білім беруді дамыту мәселелерін көтеріп, ағартушылық бағыттағы жобаларды жүзеге асыруға



белсене атсалысты. Мұстақым Малдыбаевтың бұл кезеңдегі қызметі қазақ халқының мәдениетін, ұлттық санасын және әлеуметтік белсенділігін арттыруға зор ықпал етті. Оның ағартушылық және ұйымдастырушылық еңбегі ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ұлт жаңғыруының маңызды құрамдас бөлігі болды.

Совет өкіметі орнағаннан кейін Мұстақым Малдыбаев өз ағартушылық қызметін жаңа тарихи жағдайда жалғастырды. Ол Семей педагогикалық колледжінде (қазіргі М. Әуезов атындағы педагогикалық колледж) жұмыс істеп, ұлттық білім беру жүйесін дамытуға елеулі үлес қосты. Мұнда ол болашақ мұғалімдерді даярлаумен қатар, ұлттық мазмұндағы оқу бағдарламаларын жетілдіруге және педагогикалық үдерісті жаңғыртуға белсенді түрде атсалысты.

Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаев губерниялық халық ағарту бөлімінде қызмет атқарып, оқу-ағарту ісін ұйымдастыру, мектеп желісін кеңейту және ауылдық жерлерде білім сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Оның баспасөз саласындағы еңбегі де айрықша маңызды болды: ол редакторлық қызмет атқарып, халықты білім мен мәдениетке баулуға бағытталған ағартушылық басылымдардың дамуына зор ықпал етті.

Алайда, 1927 жылы Мұстақым Малдыбаев саяси қуғын-сүргінге ұшырап, қоғамдық және ағартушылық қызметтен шеттетілді. Бұл жағдай оның өміріне ауыр соққы болғанымен, ұлт руханияты мен ағартушылық саласына қосқан үлесі халық жадында мәңгі сақталып қалды [4, 12].

Қазіргі таңда Мұстақым Малдыбаевтың қызметі мен мұрасы қайта зерделеніп, оның ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы және қазақ мәдениеті мен тәуелсіздік идеяларын дамытудағы рөлі жоғары бағалануда. Алаш қозғалысының көрнекті өкілі ретінде ол қазақ тарихында мәңгілік із қалдырған тұлғалардың бірі болып табылады.

Осылайша, Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметінің хронологиялық панорамасы оның тек ұстаздықпен шектелмей, мәдени, саяси және қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы болғанын дәлелдейді. Оның бай мұрасы мен ағартушылық идеялары бүгінгі күні де ұлттық бірегейлік пен білім беру дәстүрлерін зерттеуде маңызды тарихи дерек көзіне айналып отыр.

Мәселен, С. Көшкімбаева ағартушылық қозғалыс туралы: "Малдыбаев қарапайым ауыл мектебінің ұлттық сананы оятудың басты құралы ретінде қарастырған" [12]. Осылайша, зерттеуші оны ең алдымен мектепте ұлттық дамудың негізін көрген тәрбиеші және ағартушы ретінде анықтайды. Е. Абзалов Малдыбаевты ХХ ғасырдың басындағы діни-білім беру реформалары тұрғысынан қарастырады. Зерттеушінің айтуынша, "оның қызметкерлікке деген құндылықтар мен білім берудегі жаңғыртудың үздіктерінің байланысы анық байқалады" [3]. Бұл Малдыбаевтың өз заманының педагогтары арасында ерекше орын алып, дәстүр мен жаңғыртуды біріктіруге ұмтылғанын көрсетеді.

Соңғы жылдары ғылыми және публицистикалық еңбектерде Мұстақым Малдыбаевтың есімінің ұзақ уақыт бойы әділетсіз ұмыт қалғаны туралы пікірлер жиі айтыла бастады. Бұл үрдіс қоғамның тарихи жадына қайта оралу мен Алаш қайраткерлерінің рөлін әділ бағалау қажеттілігі аясында ерекше мәнге ие.

Журналист А. Байтан бұл туралы былай деп жазады: «Бүгінде Мұстақым Малдыбаевтың есімі сирек аталады, бірақ оның ағартушылық үлесі Алаш көсемдерінің еңбегінен кем түспейді» [11]. Мұндай баға зерттеушілердің Малдыбаев тұлғасына деген қызығушылығының артып келе жатқанын және оны ұлттық қозғалыстың маңызды, бірақ әлі де жеткілікті дәрежеде бағаланбаған өкілдерінің бірі ретінде қарастырудың орынды екенін көрсетеді.

Мұстақым Малдыбаевтың публицистикалық белсенділігі мен қоғамдық ойға ықпалы оның «Сарыарқа» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын байқалады. Бұл басылымдарда ол ағартушылық, білім беру, тіл және ұлттық сана мәселелерін көтеріп, сол дәуірдің әлеуметтік және саяси проблемаларына терең талдау жасады. Оның публицистикасы арқылы берілген идеялар халықтың рухани көзқарасын қалыптастыруға, ұлттық бірлікті нығайтуға және елдің мәдени даму бағытын айқындауға зор ықпал етті.

Зерттеуші Н. Қуантаевтың мәліметінше, «Мұстақым Малдыбаев кей уақытта 'Мұстақым' деген бүркеншік атпен мақалалар жариялаған» [13]. Бұл дерек оның баспасөз арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру мен ұлттық идеяны тарату ісінде белсенді рөл атқарғанын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, Мұстақым Малдыбаевтың публицистикасы — тек ағартушылық қызметінің бір тармағы ғана емес, сонымен бірге қазақ қоғамының рухани жаңғыруына және ұлттық өзіндік сананың қалыптасуына ықпал еткен маңызды мәдени құбылыс болып табылады.

Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаев қоғамдық-саяси өмірде де белсенді рөл атқарған тұлға болды. Зерттеуші А. Махаева бұл жөнінде: «Алаш зиялыларының ұлттық-қоғамдық ұйымдары – Қазақ комитеттерін құру ісіне Малдыбаев та белсенді араласқан» деп жазады [14]. Бұл мәлімет оның Семей облыстық Қазақ комитетінің жұмысына тікелей қатысқанын және Алаш қозғалысының басқа да көрнекті өкілдерімен тығыз байланыста болғанын айғақтайды.



Малдыбаевтың аймақтық саяси өмірдегі орны мен беделі туралы деректер де назар аударуға тұрарлық. Р. Садықова өз еңбегінде Халел Ғаббасовтың Семейге келуін сипаттай отырып: «Оны поездан Мұстақым Малдыбаев пен Иманбек Тарабаев қарсы алған» деп жазады [15]. Бұл эпизод Малдыбаевтың жергілікті зиялылар арасындағы беделін, оның қоғамдық-саяси байланыстар жүйесіне белсенді араласқанын және өңірлік деңгейдегі ықпалын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Мұстақым Малдыбаевтың қызметі мен мұрасы — қазақ халқының ұлттық жаңғыру тарихындағы маңызды кезеңдердің айнасы. Оның ағартушылық, публицистикалық және саяси қызметі ұлттың тәуелсіздігі мен мәдениетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Алаш қозғалысының идеялық бағыттарын іс жүзінде жүзеге асырып, халықтың рухани оянуына жол ашқан қайраткер ретінде оның есімі қазақ тарихында мәңгі сақталады. Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметі — ұлт бостандығы жолындағы табандылықтың, білім мен әділетке адалдықтың, ел болашағына деген шексіз жауапкершіліктің көрінісі.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Мұстақым Малдыбаевтың тұлғалық болмысын жан-жақты танып, оның XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдени және білім беру кеңістігіндегі айрықша орнын анықтауға мүмкіндік берді. Ұзақ уақыт бойы есімі ғылыми айналымнан тыс қалып келгенімен, мұрағаттық деректер, замандастарының естеліктері және оның публицистикалық еңбектері Малдыбаевтың ұлттық ағартушылық қозғалыстың жетекші қайраткерлерінің бірі болғанын дәлелдейді.

Педагогикалық қызметін талдау барысында оның дәстүрлі және жаңашыл әдістерді ұштастыруға ұмтылысы, оқу-ағарту ісін ұлттық негізде дамытудағы рөлі айқын көрініс тапты. Мұстақым Малдыбаевтың оқулықтары мен оқу құралдары қазақ жазуының дамуына, ұлттық мектептің қалыптасуына және білім беру жүйесінің жаңаруына елеулі ықпал етті. Сонымен қатар, оның публицистикалық белсенділігі мен қоғамдық-саяси қызметі, әсіресе Алаш қозғалысы мен Семей облыстық Қазақ комитетінің жұмысына қатысуы, қазақ қоғамын рухани және саяси жаңғыру жолына бағыттағанын көрсетеді.

Қазіргі кезеңде Мұстақым Малдыбаевтың бай мұрасы біртіндеп ғылыми және қоғамдық санада өз орнын табууда. Оның есімі заманауи зерттеулерде, публицистикада және білім беру жобаларында жиі аталып, педагогикалық идеялары ұлттық білім беру моделін жаңғырту ісінде өзекті мәнге ие болуда.

Малдыбаевтың ағартушылық идеяларын оқу бағдарламаларына енгізу, мәдени және ғылыми бастамалар аясында оның есімін дәріптеу — тарихи әділеттілікті қалпына келтірумен қатар, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға және ұлттық өзіндік сананы дамытуға елеулі үлес қосады.

Оның өмірі мен қызметі ағартушылық, отансүйгіштік және ұлттық бірегейлікті сақтау құндылықтарының жарқын үлгісі болып табылады. Мұстақым Малдыбаевтың өнегелі жолы қазіргі Қазақстан қоғамы үшін рухани және мәдени бағдар рөлін атқарып, жас ұрпаққа ел мүддесіне адал қызмет студің мәнін ұғындырады.

Сонымен қатар, Мұстақым Малдыбаевтың тұлғасын зерттеу — Алаш дәуірінің тұтас ағартушылық, саяси және мәдени қозғалысын тереңрек түсінуге мүмкіндік береді. Оның өмір жолы ұлт зиялыларының бір мақсат жолында біріге отырып, елдің болашағы үшін күрескен тарихи кезеңінің айнасы іспетті. Сондықтан Малдыбаевтың мұрасын зерделеу тек өткенді тану ғана емес, сонымен бірге бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның рухани дамуы мен ұлттық идеясының сабақтастығын нығайтудың маңызды тетігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Такиров С. Алашын ардақтаған азамат [Электрондық ресурс] // Ruh.kz. – 2022. URL: https://ruh.kz/alashyn-ardaqtagan-azamat_5455/ (қол жеткізілген күні: 17.07.2025).

[2] Малдыбаев М.М. Шығыс Қазақстан: танымал есімдер [Электрондық ресурс]. – Жаңартылған 05.01.2018. URL: <https://esimder.pushkinlibrary.kz/kz/d-alashkz/1591-.html> (қол жеткізілген күні: 30.05.2025).ілген күні: 17.07.2025).

[3] Абзалов Е. Особенности религиозного образования казахской степи в конце XIX – начале XX века [Электронный ресурс] // Дүрбі газет. – 2020. – 21 января. URL: <https://durbi.kz/2020/01/21/medrese-galiia-by1-v-chisle-luchshih/> (дата обращения: 25.05.2025).

[4] Patriot KZ [Электрондық ресурс]. – 2023. – 15 мамыр. URL: https://vk.com/wall-48966848_129530 (қол жеткізілген күні: 30.05.2025).

[5] Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2019. – 31–32 б.

[6] Алаш. Алашорда: энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2009. – 544 б.



- [7] Рамазан А.Ә., Қуантаев Н.К., Каримова Б.Ж. «Сарыарқа» газетінің қазақ журналистикасы тарихындағы орны // Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2019. – 51–52 б.
- [8] Мұстақым Мәтіқұлы Малдыбай [Электрондық ресурс] // e-history.kz: Қазақстан тарихы. – 2025. URL: <https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12803> (қолжеткізілген күні: 30.05.2025).
- [9] Алаштың ардақтысы. Мұстақым Малдыбаев туралы сөз [Электрондық ресурс] // catalog.karlib.kz. URL:
- [10] Орталық Қазақстанның тарихи тұлғасы: Мұстақым Малдыбаев кітабы бойынша буктрейлер [Электрондық ресурс]. URL: <https://karlib.kz/kz/distemelik-k-mek/synystar/14-zha-aly-tar/3887-ortaly-aza-stanny-tarikhi-t-l-asy-m-sta-ym-maladybaev-kitaby-bojynsha-buktrejler> (қол жеткізілген күні: 30.05.2025).
- [11] Байтан А. Алаш ардақтысы Мұстақым Малдыбай тұлғасы ұлықталды [Электрондық ресурс] // Qazaqstan tarihy – e-history.kz. – 2023. – 9 маусым. – 21:57. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/33924> (қол жеткізілген күні: 30.05.2025).
- [12] Көшкімбаева С. Малдыбайдың Мұстақымы туралы не білеміз? // Дала мен қала. – 2004. – 12 наурыз. – №10. – 16 б.
- [13] Қуантаев Н.Қ. «Сарыарқа» газетінің қазақ журналистикасы тарихындағы орны // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. – 2023. – №2. URL: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/92>.
- [14] Махаева А. Алаш зиялыларының ұлттық-қоғамдық ұйым – Қазақ комитеттерін құрудағы қызметі тарихынан // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және политология» сериясы. – 2023. URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1583>.
- [15] Садықова Р.Т. ХалелҒаббасов: өмір мен өріс мектептері // Bulletin of ENU. – 2019. – №3. URL: <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/download/499/335>.

REFERENCES

- [1] Takirov S. Alashyn ardaqtagan azamat [The citizen who honored his Alash nation]. Ruh.kz. – 2022. URL: https://ruh.kz/alashyn-ardaqtagan-azamat_5455/ [in Kazakh].
- [2] Maldybaev M.M. Shygys Qazaqstan: tanyamal esimder [Famous names of East Kazakhstan]. URL: <https://esimder.pushkinlibrary.kz/kz/d-alashkz/1591-.html> [in Kazakh].
- [3] Abzalov E. Osobennosti religioznogo obrazovaniya kazahskoi stepi v konce XIX – v nachale XX veka [Features of religious education in the Kazakh steppe at the end of the 19th – beginning of the 20th century] // Durbigazeta. – 2020. URL: <https://durbi.kz/2020/01/21/medrese-galiia-byl-v-chisle-luchshih/> [in Russian].
- [4] Patriot KZ. Patriot KZ. – 2023, 15 May. URL: https://vk.com/wall-48966848_129530 [in Kazakh].
- [5] Qazaq kitaby: Alash qairatkerlerinin kitap basuisinin damuyna qosqan ulesi: halyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary [Qazaq Kitaby: The contribution of Alash figures to the development of book publishing: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference]. – 2019. – pp. 31–32. [in Kazakh].
- [6] Alash. Alashorda: enciklopediya [Alash. Alash-Orda: Encyclopedia]. Almaty: Arys, 2009. – 544 p. [in Kazakh].
- [7] Ramazan A. A., Kuantaev N. K., Karimova B. Zh. «Saryarqa» gazetinin qazaq jurnalistikasy tarihyndagy orny [The role of the newspaper “Saryarqa” in the history of Kazakh journalism] // Qazaq kitaby: konferenciya materialdary. – 2019. – pp. 51–52. [in Kazakh].
- [8] Mustaqym Matikuly Maldybai. e-history.kz: Qazaqstan tarihy [History of Kazakhstan]. – 2025. URL: <https://e-history.kz/kz/prominent-figures/show/12803> [in Kazakh].
- [9] Alashtyn ardaqtysy. Mustaqym Maldybaev turaly soz: omirbajan [Alash’s honored one. Words about Mustaqym Maldybaev: biography]. URL: http://catalog.karlib.kz/irbis64r_01/Kraeved/Sayasi_repressiya/alashtyn_ardaktysy.pdf [in Kazakh].
- [10] Ortalyq Qazaqstannyn tarihy tulgasy: Mustaqym Maldybaev kitaby bojynsha buktrejler [Book trailer based on the book “The historical figure of Central Kazakhstan: Mustaqym Maldybaev”]. URL: <https://karlib.kz/kz/distemelik-k-mek/synystar/14-zha-aly-tar/3887-ortaly-aza-stanny-tarikhi-t-l-asy-m-sta-ym-maladybaev-kitaby-bojynsha-buktrejler> [in Kazakh].
- [11] Bajtan A. Alash ardaqtysy Mustaqym Maldybai tulgasy ulyqtaldy [The figure of Mustaqym Maldybaev as an Alash enlightener] // Qazaqstantarihy – e-history.kz. – 2023. – 9 mausym. – 21:57. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/33924> [in Kazakh].
- [12] Koshkimbayeva S. Maldyбайдyn Mustaqym turaly ne bilemiz? [What do we know about Mustaqym Maldybai?] // Dalamenkala. – 2004. – 12 nauрыз. – No. 10. – P. 16. [in Kazakh].
- [13] Kuantaev N. Q. «Saryarqa» gazetinin qazaq jurnalistikasy tarihyndagy orny [The role of the newspaper “Saryarqa” in the history of Kazakh journalism] // Bulletin of L. N. Gumilyov ENU. – 2023. – No. 2. URL: <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/92> [in Kazakh].



[14] Makhaeva A. Alash zıjalylyrynyn ulttyq-qoghamdyq ujym – Qazaq komitetterin qurudagy qyzmeti tarihyнан [On the history of Alashintelligentsia’s participation in the creation of Kazakh national committees] // VestnikKazNPU im. Abaja. Serija “Istorija i politologija”. – 2023. URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1583> [in Kazakh].

[15] Sadykova R. T. Khalel Gabbasov: omir men oris mektepteri [Khalel Gabbasov: Schools of life and development] // Bulletin of ENU. – 2019. – No. 3. URL: <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/download/499/335> [in Kazakh].

Омирханов М. Е., Атантаева Б. Ж.

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МУСТАКИМА МАЛДЫБАЕВА

Аннотация Статья посвящена изучению педагогического и общественно-политического наследия Мұстақыма Малдыбаева (1887–1937), одного из малоизученных представителей казахской национальной интеллигенции начала XX века. В отличие от более известных фигур движения «Алаш», его имя редко упоминается в обобщающих исследованиях, что делает обращение к его деятельности особенно значимым для понимания процессов национального возрождения. В работе анализируются основные этапы жизни и деятельности Малдыбаева, включая его участие в формировании национальной школы, педагогическую практику в Мамания-mektebe и Семипалатинской учительской семинарии, создание первых учебных пособий для казахских детей, а также активное участие в работе общественных и культурных организаций. Особое внимание уделено его роли в развитии национальной письменности, организации образовательных учреждений и популяризации культурных инициатив. Освещается его вклад в движение «Алаш» как в области идейно-просветительской, так и в политической сфере, включая участие в съездах, создании земств и национальных комитетов, а также в организации вооружённых сил Алаш-Орды. На основе анализа архивных документов, мемуарных свидетельств, публицистики и новейшей историографии показано, что Малдыбаев был одной из ключевых фигур в процессе модернизации казахского общества, сочетавшей в своей деятельности традиции восточного образования и европейские педагогические подходы. Полученные результаты позволяют рассматривать его имя как неотъемлемую часть истории национального просвещения и культурного возрождения Казахстана.

Ключевые слова: Мустаким Малдыбаев, просветительская деятельность, национальное образование, национальная идея, культура, общественное развитие, Алаш.

Omırhanov Maksat, Atantayeva Bakyt

THE ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF MUSTAKIM MALDYBAYEV

Annotation. This article is devoted to the study of the pedagogical and socio-political legacy of Mustaqym Maldybaev (1887–1937), one of the lesser-known representatives of the Kazakh national intelligentsia of the early 20th century. Unlike the more prominent figures of the Alash movement, his name is rarely mentioned in generalizing studies, which makes an appeal to his activities particularly significant for understanding the processes of national revival. The paper analyzes the main stages of Maldybaev’s life and work, including his contribution to the formation of the national school, his pedagogical practice at the Mamani School and the Semipalatinsk Teacher’s Seminary, the creation of the first textbooks for Kazakh children, as well as his active participation in public and cultural organizations. Special attention is paid to his role in the development of national literacy, the organization of educational institutions, and the promotion of cultural initiatives. His contribution to the Alash movement is also highlighted, both in the sphere of educational and ideological enlightenment and in the political field, including his participation in congresses, the establishment of zemstvo institutions and national committees, as well as the organization of the armed forces of the Alash Orda. Based on the analysis of archival documents, memoirs, journalism, and modern historiography, the study shows that Maldybaev was one of the key figures in the modernization of Kazakh society, combining traditions of Eastern education with European pedagogical approaches. The findings allow us to regard his name as an integral part of the history of national education and cultural revival in Kazakhstan.

Keywords: Mustakim Maldybaev, educational activity, national education, national ideal, culture, social development, Alash.